



КОНКУРС «Астана и Президент»

Омарова Арайлым,

Қостанай политехникалық колледжінің студенті

Қазақстан - бұл сөзді естігенде әрбір қазақстандықтың жүрегінде туған жеріне деген, туған еліне деген, туған халқына деген жәнеде ең бастысы туған анасына деген ыстық сезімі білінеді. Қазақстан! Қазақстан-бұл менің Отаным!

Отансыз адам болмайды. Туған отаныңды сүю әрбір азамат пен азаматшаның парызы.Еліміздің көркейіп,гүлденіп өсуі үшін,біз болашақ жастар, білімді болуға тырысамыз. Ел мен жер тағдырын елеңдетпейтін кезі жоқ. Ертеңге қалдырар, ұрпаққа табыстар мирас-мұрамыз да, байлық базарымыз да - сол елмен жердің тағдыр талайы. Арғы бергі аталамыздың ту көтеріп, туырлық тігер құттыхана шаңырағының уығын шаншар майлы да жайлы, қой үстіне бозторғай жұмыртқалардай жұмақ мекен таңдауы тегінен тегін болмаған. Аңыз бен ақиқаттың шындық шырайындай Асан бабамыздың желмаямен жаһанды кезіп, халқына құт мекен болатын жерұйықты іздеуінде жан тебіренерліктей сыр жатыр емес пе? Ұлытаудан басталар ұлы көшіміздің кеңес дәуірі кезінде Астана қазығын бірде Орынбор, бірде Қызылордаға қадап, одан жасыл желекті, түсті кілем Алматыға тұрақтауы Мәскеудің пәрменімен болған еді. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана елорданың қай жерде болуын таңдау мүмкіншілігіне Елбасымыз ие болды.Астанамыздың Қазақстанның орталығында болуы қай жағынан алып қарасаңда дұрыс шешімі еді.Себебі,Сарыарқа талайды көрді, талайға төзді.Бабаларымыздың ақ найзаларын аспанға атқан айбырлы жеңістерінің куагері болды. Міне, қазіргі уақытта Астана қазақтың бас қаласы болып,өскелен ұрпақтың жарқыраған жұлдыздай келешегіне өз үлесін қосарлы сөзсіз. Шынына келер болсам өз басым әлі күнге дейін елімнің ақ ордасын өз көзіммен көрген емеспін.Тек көз алдыма оның әсем көрінісі газет-журналдардан оқығаным,теледидардан көргендерім елестейді. Оның қазіргі сәулет өнерінің үлгілеріне сай бой түзеген биік те сұлу ғимараттары бір кездегі қарапайым облыс орталығын адам танымастай өзгерткені анық. Қала сұлулығы қай

[Введите текст]

адам баласын болсын тамсандыратынына күмәнім жоқ. Өйткені, кең жазира далада көсіліп жатқан кемел сұлулығымен, күміс көлдерімен Есіл, Нұра секілді қыз бұрымындай таратылған өзендерімен өзіне тартады. Сондықтан Астана мен үшін әрқашан салтанаттың қаласы, тасы өрге домалап тұрған жандардың мекені болып елестейді. Қазіргі таңда астанамыз әлемдік, іскерлік байланыстың күре тамырына айналып отыр. Оның өзі Елбасының ізгі саясаты, көрегендігі мен кеменгер ойының жемісі, арманы, мақсаты, халқының тарихынан нәр алғандығы шығар. Астанамыздың шаңырығы биікке көтеріліп, уығы нық қадалып, керегесі келісті жайылды деуге болады. Астана қазірдің өзінде азиялық байтақтардың арасындағы ең бір еуропалық қала. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның Еуразиялық ел екенін, оның астанасының орасан зор қос құрлықтың, өкпе тұсында орналасқанын, демек келешекте қаланың осынау ұлан-ғайыр кеңістіктің қуатты желілері тоғысқан торабына, 21 ғасырдағы экономикалық, технологиялық, ақпараттар тасқынының арнасына айналатынын атап көрсеткен болатын. Астана – бүгін өскелең қала. Кемел де келісімді ойлардың, ізгі ниет пен тілеудің қаласы. 2001 жылы Астана жаңа қала деген арнайы экономикалық аймағын құрған болатын. Бұл шара Есілдің сол жағалауына инвестициялар тарату, құрылыста озық технологиларды пайдалану, сондай-ақ қазіргі заманғы инфрақұрылым арқылы құрылысты қарқынды түрде дамыту еді. Сол себепті Астанадағы үкімет сарайлары, құрметті орындар, министрліктер мен қоғамдық ғимараттар аса көрнекті сәулеттік бейнеге ие болып келеді. Осындай ғажап, өзге қалалардан ерекшеленіп тұрған Астанамыздың кескін-келбеті Европа материгінде орналасқан Париж қаласының дәл өзінде жүргендей сезіндіретін шығар. Парижге барғандар ең алдымен Эйфель мұнарасын іздесе Астанаға келгендер биіктігі 97 метрге жететін «Астана-Бәйтерек» монументін іздейтін сияқты. Осының өзі әлем төрінен орын алатындай көрініс, шіркін! Бәрін айт та, бірін айт дегендей барлығынан да бас алаң төріне көз тастаған жан бүкіл тарихы-бірігу тарихы болған халқымыздың өмірінде келісімді билігімен, әділ сөзімен, елінің басына ауыртпашылық түскенде шешендігімен алғырлығымен еліне қорған болған, асқан беделге бөленген дана үш би Әйтеке, Қазыбек, Төле бас қоса отырған сәулетті ескерткіш орнатылыпты. Көшелері де тап-тұйнақтай, қазақ даналарының есімімен аталады. Астананы салдырып жатқан Нұрсұлтан Назарбаев бір ғана қазақ халқының емес, бірде Ұлы Дала, бірде Тың немесе Қазақ ССР-і деп әр кезде әрқалай аталған, ал бүгін Қазақстан Республикасы аталатын байтақ өңірді бір кезде мекен еткен және бүгінгі таңда мекендеп жатқан халықтардың еуразиялық арманын асқақтатуға бекем бел байлап

отыр.Бұл өлке –халықтарды бауырына басып, татуластырып қана қоймай,оларды жаңа қауымдастық,жаңа өркениет құру жолында топтастыра білген өлке бұнын барлығы біздің Ел басы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасы. Елорданың өркендеуі еліміздің өркендеуінің белгісі. Қазіргі уақытта, халықаралық қатынастар нығайды, әлемнің жүздеген елдерімен барыс-келіс,саяси-экономикалық әлеуметтік, мәдени, әдеби байланыстар өрістей түсті. Көрші мемлекеттер ғана емес, Еуразиялық кеңістікке, тіпті мұхит асып, әлемдегі ең іргелі ел Америкамен де саяси, экономикалық қарым-қатынасымыз күшейді.Шығыс және Батыс елдерімен өзара екі жақты пайдалы қатынастарды дамыту жолға қойылды. Қоғам түгелдей дерлік демократиялану сатысынан өтуде. Адам құқықтарының нормалары әлемдік стандартқа сай жүйеленуде. Мемлекеттік басқару институттары да түгелдей жаңарып,заңдар мен заңнамалар толығымен өзгерді. Өз шекарамызды нақтылап, қорғаныс күшіміздің қуаты арта түсті.

Ел тарихының ХХІ ғасырдағы аса бір күрделі кезеңі аяқталып келеді. Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы,ең алдымен,Қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және денеболмысы,көңіл-күйлеріне байланысты. 2020 жылғы қарай қалалық.сол секілді ауылдық жерлердегі барлық балалар мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтылатын болады.Бізде мемлекеттік әлеуметі бар,жекеменшілік отбасылық балабақшалар мен шағын орталықтар-бұл мемлекеттік мекемелерге балама.

Үкіметке әкімдермен бірлесіп үстіміздегі бірінші жартысында-ақ балаларды мектеп жасына дейінгі оқытқмен және тәрбиемен қамтамасызетуді арттыруға бағытталған «Балапан» арнайы бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді тапсыруды.Халық денсаулығы - ол Қазақстанның өзінің стратегияының мақсаттарына жетудегі табысының ажырамас құрамдас бөлігі.Бүгін біз (денсаулыққа) медициналық қызметке нәтижелерге бағдарланған қаржыландыру ақы төлеу жүйесін енгізуді дайындаудамыз. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің тиімді жүйесі үшін барлық қажетті базалық жағдайларды жасадық. Дәрілердің 50-%-ы біздің елімізде шығарылатын болады.

Егер біз табысқа жеткіміз келсе, онда мына төрт қағидатты басшылыққа алуға міндеттіміз. Біріншіден,біздің ең басты құндылығымыз-ол Отанымыз,Тәуелсіз Қазақстан! Екіншіден,мемлекет және оның әрбір азаматы қай жерде де қоғамның тұрақтылығы мен елдің әл-ауқатына кері әсерін

[Введите текст]

тигізуді ықтимал, кез-келген қадамға бармауы тиіс үшіншіден, экономикалық өрлеу-әрқайсымызға қатысты бүкілхалықтық. Бұл-қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешудің және баршамызды табысқа бастаудың кілті.

Төртіншіден, өңірлік және әлемдік нарыққа интеграциялану-дамудың аса маңызды шарты - деп, Президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтып кеткен болатын.

Біз болашағымыздың жарқын болғанын көргіміз келеді. Ендеше ең алдымен біздің ел басы Нұрсұлтан Назарбаев аман жүрсің, әр ойлаған арманы орындала берсін, келер ұрпақтың да, жастардың да болашағы бір өзінде!